ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Қысыммен жұмыс істеуге арналған пісірілген болат құбырлар Жеткізу жөніндегі техникалық шарттар

7-бөлім ТОТ БАСПАЙТЫН БОЛАТТАН ЖАСАЛҒАН ҚҰБЫРЛАР

Трубы стальные сварные для работы под давлением Технические условия поставки

Часть 7 ТРУБЫ ИЗ НЕРЖАВЕЮЩЕЙ СТАЛИ

ҚР СТ EN 10217-7-2015

(EN10217–7 – 2014 Welded steel tubes for pressure purposes - Technical delivery conditions - Part 7: Stainless steel tubes, IDT)

Осы ұлттық стандарт EN 10217-7:2014 еуропалық стандартына сәйкес болып табылады және CEN рұқсатымен қабылданды, мекенжайы: Марникс даңғылы, 17, В-1000 Брюссель

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Қысыммен жұмыс істеуге арналған пісірілген болат құбырлар Жеткізу жөніндегі техникалық шарттар

7-бөлім

ТОТ БАСПАЙТЫН БОЛАТТАН ЖАСАЛҒАН ҚҰБЫРЛАР

ҚР СТ EN 10217-7-2015

(EN10217–7 – 2014 Welded steel tubes for pressure purposes - Technical delivery conditions - Part 7: Stainless steel tubes, IDT)

Осы ұлттық стандарт EN 10217-7:2014 еуропалық стандартына сәйкес болып табылады және CEN рұқсатымен қабылданды, мекенжайы: Марникс даңғылы, 17, В-1000 Брюссель

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» акционерлік қоғамы **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 234-од бұйрығымен **БЕКІТІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ**

3 Осы стандарт *EN10217–7-2014Welded steel tubes for pressure purposes - Technical delivery conditions - Part 7: Stainless steel tubes* (Қысыммен жұмыс істеуге арналған дәнекерленген болат құбырлар. Жеткізудің техникалық шарттары. 7-бөлім. Тот баспайтын болаттан дайындалған құбырлар) еуропалық стандартына сәйкес келеді.

Осы стандарт ZA қосымшасында келтірілген, ЕО Директивасының (ларының) маңызды қауіпсіздік талаптарын іске асырады.

Еуропалық стандартты ECISS/TC 110 Болат құбырлар, болат және шойын фитингтер техникалық комитеті дайындады.

Ағылшын тілінен аударылған (en).

Еуропалық стандарт негізінде ұсынылған стандарт әзірленген және сілтемелер берілген ресми данасы нормативті техникалық құжаттың Біріңғай мемлекеттік қорында бар.

Еуропалық стандарттың ресми нұсқасында келтірілген жеке фразалар, терминдер, мемлекеттік және орыс тілдерінің нормаларын сақтау мақсатында, сондай-ақ мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің құрылу ерекшеліктеріне байланысты, өзгертілген немесе синоним сөздермен алмастырылған.

Стандарттардың (мемлекетаралық) сілтемелік халықаралық стандарттарға сәйкестігі туралы мәліметтер Д.А. қосымшасында келтірілген.

Сәйкестік дәрежесі – бірдей (IDT).

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2020 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа өзгерістер енгізу туралы ақпарат, жыл сайын шығатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесінде, ал өзгертулер мен түзетулер мәтіні – ай сайын шығатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады. Осы стандартты қайта қарау (ауыстыру) немесе жою жағдайында, тиісті хабарлама, ай сайын шығатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланатын болады.

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

Мазмұны

1 Қолданылу саласы ... 1
2 Нормативтік сілтемелер ... 1
3 Терминдер мен анықтамалар ... 3
4 Символдар ... 4
5 Жіктеу және белгілеулер ... 4
6 Сатып алушыға ұсынылатын ақпарат ... 4
7 Өндіріс процесі ... 6
8 Талаптар ... 8
9 Сәйкестікті бағалау ... 21
10 Үлгілерді іріктеу ... 22
11 Сынау әдістері ... 25
12 Таңбалау ... 29
13 Айналым және буып-түю ... 29
ZA қосымшасы *(ақпараттық)* Еуропалық Стандарт пен 97/23/ЕОЕО Директивасы Басты талаптарының арасындағы арақатынас ... 30
В.А қосымшасы *(ақпараттық)* Стандарттардың сілтемелік халықаралық, өңірлік стандарттарға, шетел мемлекеттері стандарттарына сәйкестігі туралы мәліметтер ... 31

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Қысыммен жұмыс істеуге арналған пісірілген болат құбырлар Жеткізу жөніндегі техникалық шарттар

7-бөлім
ТОТ БАСПАЙТЫН БОЛАТТАН ЖАСАЛҒАН ҚҰБЫРЛАР

Енгізілген күні 2017-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт, қысыммен жұмыс істеуге арналған және бөлме, жоғары және төмен температураларда жемірілуін берік болатын, аустенитті немесе аустенит-ферритті тот баспайтын болаттан дайындалған, дөңгелек көлденең қималы дәнекерленген құбырлар үшін сынаудың екі түрінде жеткізудің техникалық шарттарын белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет. Күні көрсетілген сілтемелер үшін сілтемелік нормативтік құжаттың тек көрсетілген басылымын ғана қолданады, күні көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтемелік құжаттың соңғы басылымын (оның барлық өзгерістерін қоса алғанда) қолданады.

EN 10020:2000 Definition and classification of grades of steel (Болат сұрыптарын анықтау және жіктеу).

EN 10021:2006 General technical delivery conditions for steel products (Болаттан дайындалған бұйымдар. Жеткізудің жалпы техникалық шарттары).

EN 10027-1:2005 Designation systems for steels - Part 1: Steel names (Болаттарға арналған белгілеулер жүйесі. 1 бөлім: Болаттың атаулары, негізгісимволдары).

EN 10027-2:2015 Designation systems for steels - Part 2: Numerical system (Болаттарға арналған белгілеулер жүйесі. 2 бөлім: Сандық жүйе).

EN 10028-7:2007 Flat products made of steels for pressure purposes - Part 7: Stainless steels (Қысыммен жұмыс істеуге арналған болаттан дайындалған жалпақ бұйымдар. 7 бөлім: Тот баспайтын болаттар).

EN 10052:2004Vocabulary of heat treatment terms for ferrous products (Темірден дайындалған бұйымдарға арналған термиялық өңдеу бойынша терминдер сөздігі).

EN 10088-1:2014Stainless steels - Part 1: List of stainless steels (Тот баспайтын болаттар. 1 бөлім: Тот баспайтын болаттар тізбесі).

EN 10168:2004 Steel products - Inspection documents - List of information and description (Болаттан дайындалған бұйымдар. Қабылдау кезіндегі бақылау актілері. Ақпарат тізбесі және сипаттамасы).

EN 10204:2004 Metallic products - Types of inspection documents (Металлөнімдері. Инспекциялық құжаттар түрлері).

EN 10266:2003Steel tubes, fittings and structural hollow sections - Symbols and definitions of terms for use in product standards (Болат құбырлар, фитингтер және конструкциялық іші қуыс профильдер.Өнімге арналған стандарттарда қолданылатын шартты белгіленулер мен терминдер анықтамалары).

CEN/TR 10261:2008 Iron and steel - European standards for the determination of chemical composition (Темір және болат. Химиялық құрамын анықтау. Еуропалық стандарттар).

EN ISO 148-1:2010 Metallic materials - Charpy pendulum impact test - Part 1: Test method (Металл материалдар. Шарпи бойынша маятникті коперде соққыға сынау. 1-бөлім. Сынау әдісі).

EN ISO 377:2013 Steel and steel products - Location and preparation of samples and test pieces for mechanical testing (Болат және болаттан дайындалған өнім.Механикалық сынаулар кезінде сынауларға арналған үлгілерді орналастыру). (ISO 377:2013).

EN ISO 1127:1996Stainless steel tubes - Dimensions, tolerances and conventional masses per unit length (Тот баспайтын болаттан дайындалған құбырлар.Өлшемдері. Ұзындық бірлігіне шаққандағы шектер және шартты масса (погондық масса)) (ISO 1127).

EN ISO 2566-2:1999 Steel - Conversion of elongation values - Part 2: Austenitic steels (Болат. Созу шамаларын түрлендіру. 2-бөлім: Аустенитті болаттар) (ISO 2566-2).

EN ISO 3651-2:1998 Determination of resistance to intergranular corrosion of stainless steels - Part 2: Ferritic, austenitic and ferritic-austenitic (duplex) stainless steels - Corrosion test in media containing sulfuric acid (Тот баспайтын болаттардың кристаллитаралық коррозиясының кедергісін анықтау. 2-бөлім: Ферритті, аустениттіжәне феррит-аустенитті (дуплексті) тот баспайтын болаттар. Күкірт қышқылы бар ортада коррозиялық сынаулар) (ISO 3651-2:1998).

EN ISO 5173:2010 Destructive tests on welds in metallic materials - Bend tests (Металл материалдарда дәнекерленген жіктердегі бұзатын сынаулар. Бүгілуге сынау) (ISO 5173:2009).

EN ISO 6892-1:2009 Metallic materials - Tensile testing - Part 1: Method of test at room temperature (Металл материалдар. Созылуға сынаулар. 1-бөлім. Бөлме температурасы кезінде сынау). (ISO 6892-1:2009).

EN ISO 6892-2:2011 Metallic materials - Tensile testing - Part 2: Method of test at elevated temperature (Металлматериалдар. Созылуға сынаулар. 2 бөлім. Жоғары температура кезінде сынау әдісі). (ISO 6892-2:2011)

ENISO 8492:2013 Metallicmaterials - Tube - Flatteningtest (Металл материалдар. Құбырлар. Жалпаюға сынау). (ISO 8492:2013).

EN ISO 8493:2004 Metallic materials - Tube - Drift-expanding test (Металл материалдар. Құбырлар. Дәнекерленген құбырды кеңейтуге сынау). (ISO 8493:1998).

EN ISO 8495:2013 Metallic materials - Tube - Ring-expanding test (Металл материалдар. Құбырлар. Сақинаны жаншып қақтауға сынау). (ISO 8495:2013).

EN ISO 8496:2013 Metallic materials - Tube - Ring tensile test (Металл материалдар. Құбыр. Сақинаны созылуға сынау). (ISO 8496:2013).

EN ISO 9712:2012 Non-destructive testing - Qualification and certification of NDT personnel (Бұзылмайтын бақылау. Персоналдың біліктілігі және оны аттестаттау) (ISO 9712:2012).

EN ISO 10893-1:2011 Non-destructive testing of steel tubes - Part 1: Automated electromagnetic testing of seamless and welded (except submerged arc-welded) steel tubes for the verification of hydraulic leaktightness (Болатқұбырлардың бұзылмайтын бақылауы. 1-бөлім. Герметикалықты анықтау үшін болат жіксіз және дәнекерленген құбырларды автоматты электр магниттік бақылау (флюс астында доғалы дәнекерлеумен алынған құбырларды есепке алмағанда)) (ISO 10893-1).

EN ISO 10893-2:2011Non-destructive testing of steel tubes - Part 2: Automated eddy current testing of seamless and welded (except submerged arc-welded) steel tubes for the detection of imperfections (Болатқұбырлардыңбұзылмайтынбақылауы. 2-бөлім. Ақауларды анықтау үшін болат жіксіз және дәнекерленген құбырларды құйын токтық бақылаудың автоматты әдісі (флюс астында доғалы дәнекерлеумен алынған құбырларды есепке алмағанда) (ISO 10893-2).

EN ISO 10893-6:2011Non-destructive testing of steel tubes - Part 6: Radiographic testing of the weld seam of welded steel tubes for the detection of imperfections (Болат құбырлардың бұзылмайтын бақылауы. 6 бөлім. Ақауларды анықтау үшін дәнекерленген болат құбырлардың жігін радиографиялық бақылау) (ISO 10893-6).

EN ISO 10893-7:2011Non-destructive testing of steel tubes - Part 7: Digital radiographic testing of the weld seam of welded steel tubes for the detection of imperfections (Болат құбырлардың бұзылмайтын бақылауы. 7-бөлім. Ақауларды анықтау үшін дәнекерленген болат құбырлардың жігін цифрлық радиографиялық бақылау) (ISO 10893-7).

EN ISO 10893-8:2011Non-destructive testing of steel tubes - Part 8: Automated ultrasonic testing of seamless and welded steel tubes for the detection of laminar imperfections (Болат құбырлардың бұзылмайтын бақылауы. 8-бөлім. Қатпарлану ақауларын анықтау үшін жіксіз және дәнекерленген болат құбырларды автоматты ультрадыбыстық бақылау) (ISO 10893-8).

EN ISO 10893-9:2011Non-destructive testing of steel tubes - Part 9: Automated ultrasonic testing for the detection of laminar imperfections in strip/plate used for the manufacture of welded steel tubes (Болат құбырлардың бұзылмайтын бақылауы. 9-бөлім. Дәнекерленген болат құбырларды дайындау үшін пайдаланылатын, тілме/табақ металда қатпарлану ақауларын анықтау үшін автоматты ультрадыбыстық бақылау) (ISO 10893-9).

EN ISO 10893-10:2011Non-destructive testing of steel tubes - Part 10: Automated full peripheral ultrasonic testing of seamless and welded (except submerged arc-welded) steel tubes for the detection of longitudinal and/or transverse imperfections (Болат құбырлардың бұзылмайтын бақылауы. 10-бөлім. Бойлық және/немесе көлденең ақауларды анықтау үшін жіксіз және дәнекерленген болат құбырлардың бүкіл шеңбері бойынша автоматты ультрадыбыстық бақылау (флюс астында доғалы дәнекерлеумен алынған құбырларды есепке алмағанда) (ISO 10893-10).

EN ISO 10893-11:2011Non-destructive testing of steel tubes - Part 11: Automated ultrasonic testing of the weld seam of welded steel tubes for the detection of longitudinal and/or transverse imperfections (Болат құбырлардың бұзылмайтын бақылауы. 11-бөлім. Бойлық және/немесе көлденең ақауларды анықтау үшін дәнекерленген болат құбырлардың жігін автоматты ультрадыбыстық бақылау) (ISO 10893-11).

EN ISO 14284:2002 Steel and iron - Sampling and preparation of samples for the determination of chemical composition (Шойын, болат және қорытпалар. Химиялық құрамды анықтау үшін сынамаларды іріктеу әдісі) (ISO 14284:2006).

ISO 11484:2009 Steel products — Employer's qualification system for non-destructive testing (NDT) personnel (Болат бұйымдар.Жұмыс берушінің персонал үшін бұзылмайтын бақылау бойынша біліктілік жүйесі).

ISO 857-1:1998 Welding and allied processes — Vocabulary — Part 1: Metal welding processes (Дәнекерлеу және ұқсас процестер. Сөздік. 1-бөлім: Металдарды дәнекерлеу процестері).

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта EN 10020, EN 10021, EN 10052, EN 10266 бойынша терминдер мен анықтамалар, сондай-ақ тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

3.1 **Сынақ түрлері** (Test category)**:** Сәйкестікті бағалаудың және сынаудың дәрежесі мен деңгейін көрсететін сынипталған түрі.

3.2 **Жұмыс беруші** (Employer)**:** Субъект тұрақты негізде жұмыс істейтін ұйым.

Ескертпе -жұмыс беруші ретінде құбырларды өндіруші, сондай-ақ жеткізуші, сонымен қатар бұзылмайтын сынақтарды өткізетін үшінші тарап болуы мүмкін.

4 Символдар

Осы стандартта EN 10266 бойынша символдар, сондай-ақ мынадай символ қолданылады:

ТС сынақтар санаты.

Ескертпе -жеткізілім белгілеулері мен шарттары көрсетілген 2 -кестені қараңыз.

5 Жіктеу және белгіленулер

5.1 Жіктеу

EN 10020 бойынша жіктеу жүйесіне сәйкес, болат сұрыптарымыналарға бөлінеді:

- аустенитті болаттар (жемірілуін төзімді);
- аустенит-ферритті болаттар.

5.2 Белгілеулер

Осы стандартта сипатталатын құбырлар үшін болаттың белгіленуі мыналардан тұрады:

-бөлік нөмірі EN 10217 (EN 10217-7); плюс: не болмаса

-болаттың EN 10027-1 сәйкес атауы:

-болаттың EN 10027-2 сәйкес нөмірі тіркелінді.

6 Сатып алушыға ұсынылатын ақпарат

6.1 Міндетті ақпарат

Келесі ақпарат сатып алушыға сұраған кезде немесе тапсырыс кезінде ұсынылуы тиіс:

a) мөлшері (массасы, жалпы ұзындығы немесе саны);

b) "құбыр" термині;

c) өлшемдері (сыртқы диаметрі D және қабырғаларының қалыңдығы T) (8.8.1 қараңыз);

d) осы стандартқа сәйкес болат сұрпының белгіленуі (5.2 қараңыз);

e) сынақтар түрлері (9.3 қараңыз).

6.2 Опциялар

Опциялар саны осы стандартта анықталған және төменде тізіп көрсетілген. Егер сатып алушы сұраған немесе тапсырыс берген сәтте опциялардың қайсібірін орындауды талап етпесе, құбырлар базалық ерекшелікке сәйкес жеткізіледі (6.1 қараңыз).

1) Болатты өндіру процесі туралы ақпарат (7,1 қараңыз);

2) Құбырларды дайындау процесі және/немесе режимі (7.2.1 қараңыз);

3) Қайта балқытылған ішкі жік (1-кестені қараңыз);

4) Ішкі жік домалатып тегістеумен немесе қайта балқытумен дайындалған (1-кестені қараңыз);

5) Жеткізілім шарттары (7.2.3 қараңыз);

6) Өнімді талдау (8.2.2 қараңыз);

7) Әртүрлі немесе қосымша термиялық өңделген үлгілердің қосымша механикалық сынақтары (8.3.1 қараңыз);

8) Бөлме температурасы кезінде соққы энергиясын тексеру (8.3.1 қараңыз);

9) Қабырғаларының қалыңдығы 60 мм-ден асатын аустенитті болаттан дайындалған құбырлар үшін бөлме температурасы кезінде белгіленген механикалық қасиеттер (6-кестені, а түсіндірмесін қараңыз);

10) Қабырғаларының қалыңдығы 60 мм-ден асатын аустенитті болаттан дайындалған құбырлар үшін жоғары температура кезінде белгіленген беріктік шегі (8-кестені, а түсіндірмесін қараңыз);

11) Жоғары температура кезінде беріктік шегін тексеру $R_{p0,2}$ немесе $R_{p1,0}$ (8.3.2 қараңыз);

12) Төменгі температура кезінде соққы энергиясын тексеру (8.3.3 қараңыз);

13) Кристаллитаралық жемірілуін сынау (8.4 қараңыз);

14) Дәнекерленген жікті қалпына келтіру (8.5.1.5 қараңыз);

15) Герметикалыққа сынау әдісін таңдау (8.5.2.2 қараңыз);

16) Құбырлардың шеттерін ламинарлық ақаулардың болуына бұзылмайтын сынау (8.5.2.3 қараңыз);

17) Жолақтар мен тілімшелердің шеттерін ламинарлық ақаулардың болуына бұзылмайтын сынау (8.5.2.3 қараңыз);

18) Шеттерді арнайы дайындау (8.7 қараңыз);

19) Дәл ұзындықтар (8.8.3 қараңыз);

20) D< 168,3 мм үшін рұқсаттық класы D 4 (таблицу 10 қараңыз);

21) Стандартты түрден өзгешеленетін «2.2 түрдегі» сынаулар хаттамасы (9.2.1 қараңыз);

22) Жіктің көлденең қимасына сынау (10.2.2.3 қараңыз);

23) Гидростатикалық герметикалыққа қысыммен сынау (11.8.1 қараңыз);

24) Шеттерден алыс орналасқан қабырғалардың қалыңдығын өлшеу (11.9 қараңыз);

25) Дәнекерленген жікті сәйкестікке бағалау үшін бұзылмайтын сынау әдісін таңдау (16-кестені қараңыз);

26) Дәнекерленген жікті радиографиялық зерттеу үшін EN ISO 10893-6 бойынша бейнелеу сапасының класы B (16-кестені қараңыз);

27) Қосымшабелгілеу (12.2 қараңыз);

28) Арнайы қорғау (13 қараңыз);

29) Дәнекерленген жікті цифрлық радиографиялық зерттеу үшін EN ISO 10893-7 бойынша бейнелеу сапасының класы B (16-кестені қараңыз);

6.3 Тапсырыс мысалдары

6.3.1 1-мысал

EN 10204 бойынша «2.1 типтегі» тапсырыс талаптарына сәйкестік декларациясына сәйкес, сынақ түрі 1, осы стандартқа сәйкес, X2CrNi19-11 маркалы болаттан дайындалған, рұқсаттық кластары D 3 және T 3, қабырғаларының қалыңдығы 4,5 мм, сыртқы диаметрі 168,3 мм болатын 2000 м дәнекерленген құбыр W1 (2 -кестені қараңыз):

Мысал -2000 м - Құбыр - 168,3 X 4,5 - EN 10217-7- X2CrNi19-11 -ТС 1 - Опция 5: W1

6.3.2 2-мысал

EN 10204 бойынша «2.2 типтегі» сынақ хаттамаларына сәйкес, жолақтардың шеттерін ламинарлық ақаулардың болуына бұзылмайтын бақылау, 300°С кезінде беріктік шегін тексеру, кристаллитаралық жемірілуін сынау арқылы (ENISO 3651-2, А әдісі), сынақ түрі 2, 1.4301 маркалы болаттан дайындалған, осы стандартқа сәйкес, рұқсаттық кластары D 3 жәнеТ 3, қабырғаларының қалыңдығы 2,6 мм, сыртқы диаметрі 42,4 мм болатын 300 м бүтіндей өңделген WCA дәнекерленген құбыры (2 -кестені қараңыз):

Мысал - 300 м - Құбыр - 42,4 X 2,6 - EN 10217-7 - 1.4301 - ТС 2 - Опция 5: WCA - Опция 11: 300°С - Опция 13: А - Опция 17 - Опция 21: 3.2 (дайындаушы шығарылымы)

7 Өндіріс процесі

7.1 Болат өндірісі

Болат өндірісі - дайындаушының қарауында, сондай-ақ 1 опцияны қараңыз.

1-опция: *Сатып алушы болат өндірудің пайдаланылған әдісі туралы ақпараттануы мүмкін. Өндіріс процесі туралы нұсқау сәйкестікті бағалау құжаттарында қамтылуы мүмкін.*

7.2 Құбырлар өндірісі және жеткізілім шарттары

7.2.1 Құбырлар EN 10028-7 сәйкес ыстық немесе суық прокаттан, табақтардан немесе жолақтардан дайындалуы мүмкін. Олар 1 -кестеде белгіленген режимдердің біріне сәйкес қоспалы металды қосу арқылы немесе қоспай, іргелес жиектерді балқыту арқылы доғалық немесе лазерлік дәнекерлеудің көмегімен бойлай дәнекерленуі тиіс. Балқытумен дәнекерлеудің тиісті әдістерінің анықтамалары ISO 857-1:1998, 4.2 тармағында келтірілген.

Егер 2-опция таңдалмаса, өндірістік процестің және/немесе режимнің нұсқауы дайындаушының қарауында болады.

2-опция: *Құбырлар өндірісінің процесін және/немесе режимін сатып алушы белгілейді.*

Толық өңделген құбырларда, қалыпқа құю алдында ыстық немесе суық прокаттың жолақтарын ұзындығы бойынша біріктіретін дәнекерлеу жіктері болмауы тиіс.

3-опция: *(1-кестені қараңыз).*

4-опция: *(1-кестені қараңыз).*

7.2.2 Дәнекерлеу жұмыстарын қолданыстағы рәсімдерге сәйкес білікті персонал орындауы тиіс.Жабдықпен II, III және IV санатларда қысыммен жұмыс істеу үшін технологиялық процесс пен персоналды құзыретті үшінші тарап немесе мойындалған сыртқы ұйым бекітуі тиіс[1].

1 –кесте. Құбырларды өндіру процесі, режимі, бастапқы материал, қалып құю рәсімі және дәнекерлеу режимі

1	2	3	4	5
Режим	Өндірістік процесс [a]	Бастапқы материал	Қалып құю рәсімі	Дәнекерлеу жігінің күйі[b]
01	Автоматты доғалық дәнекерлеу	Ыстық немесе суық прокат жолақтары	Жолақтан дайындалған қалыпта үздіксіз құю	Дәнекерлеуден кейін[ce]
02				Дәнекерлеу, сыртқы тегістеу [ce] ерітілген жік *
03				Дәнекерлеу, ерітілген жік
04	Лазерлік дәнекерлеу	Ыстық немесе суық прокат жолақтары	Жолақтан дайындалған қалыпта үздіксіз құю	Дәнекерлеу, сыртқы тегістеу [c] ерітілген жік*
05	Автоматты доғалық дәнекерлеу	Ыстық немесе суық прокат табақтары немесе пластиналары	Пластинадан немесе табақтан дайындалған бір реттік қалыпта құю	Дәнекерлеуден кейін[d,e]

[1] Аталған талап 97/23/ЕО Директивасында 12 және 13 баптарына сәйкес қайталанады.

1-кестенің соңы

1	2	3	4	5
Режим	Өндірістік процесс [a]	Бастапқы материал	Қалып құю рәсімі	Дәнекерлеу жігінің күйі [b]
06	Автоматты доғалық және лазерлік дәнекерлеу	Ыстық немесе суық прокат табақтары немесе пластиналары	Тілімшеден немесе табақтан дайындалған бір реттік қалыпта құю	Дәнекерлеуден кейін[d,e]
07	Электронды-сәулелік дәнекерлеу	Ыстық немесе суық прокат табақтары немесе пластиналары	Тілімшеден немесе табақтан дайындалған бір реттік қалыпта құю	Дәнекерлеуден кейін[d,e]

* Ерітумен дәнекерлеу = ерітілген немесе ұсталық дәнекерлеу.
** Осы құбырлар үшін, яғни табақтардан немесе пластиналардан дәнекерленген құбырлар үшін, лазерлік дәнекерлеу немесе электронды-сәулелік дәнекерлеу автоматты доғалық дәнекерлеумен пайдаланылады.
[a]Сыртқы диаметрі 168,3 мм-ден аспайтын құбырлар, суық өңдеу арқылы қосымша қажетті өлшемге дейін жеткізілуі мүмкін[b] (2 -кестедегі WCA және WCR шарттар типін қараңыз).
[b] "Дәнекерлеуден кейін", "дәнекерлеу, сыртқы тегістеу", "ерітілген жік" және "суық өңдеу " терминдері 2-кестеге сәйкес, құбырлардың жылулық өңдеу алдындағы күйіне қатысты, егер ондай қажет болса, қолданылады.
[c]Талап бойынша, ішкі жік қайта ерітілуі мүмкін. ***3 Опция:*** *Ішкі жікқайта ерітілді.*
[d]Талап бойынша, ішкі жік прокаткамен өңделуі немесеқайта ерітілуі мүмкін. ***4 Опция****: Ішкі жік илеммен өңделді немесе қайта ерітілді.*
[e]Дәнекерленген жік бір немесе бірнеше бөлек қабаттармен дайындалуы мүмкін.

7.2.4 Құбырларды жеткізу шарттарының типтері 2 -кестеде келтірілген. Егер 5-опция таңдалмаса, жеткізілім шарттарының типін таңдау дайындаушының қарауында болады.

5-опция: *Жеткізілім шарттарының типін сатып алушы белгілейді.*

2-кесте. Жеткізілім шарттары

Таңбалау	**Жеткізілім шарттарының типі[a]**	**Бетінің күйі**
W0[b]	Ыстық немесе суық илемнің тілімшелерінен, жолақтарынан немесе табақтарынан дәнекерленген 1D, 2D, 2E, 2B	Дәнекерлеуден кейін
W1[b]	Ыстық илемнің тілімшелерінен, жолақтарынан немесе табақтарынан дәнекерленген 1D, қақтан тазартылды	Таза металл
W1A[b]	Ыстық илемніңтілімшелерінен, жолақтарынан немесе табақтарынан дәнекерленген1D, термиялық өңделді, қақтан тазартылды	Тазаметалл
WlR[b]	Ыстық илемнің тілімшелерінен, жолақтарынан немесе табақтарынан дәнекерленген 1D, ақшыл босаңдату.	Жылтыр металл
W2[b]	Суық илемніңтілімшелерінен, жолақтарынан немесе табақтарынан дәнекерленген 2D, 2E, 2B, қақтан тазартылды	Тазаметалл
W2A[b]	Суық илемніңтілімшелерінен, жолақтарынан немесе табақтарынан дәнекерленген 2D, 2E, 2B, термиялық өңделді, қақтан тазартылды	Жікті есепке алмағанда, W1 және W1A типтеріне арналғанға қарағанда айтарлықтай тегіс
W2R[b]	Суық илемніңтілімшелерінен, жолақтарынан немесе табақтарынан дәнекерленген 2D, 2E, 2B, ақшыл босаңдату.	Жылтыр металл
WCA	Ыстық немесе суық илемнің тілімшелерінен, жолақтарынан немесе табақтарынан дәнекерленген 1D, 2D, 2E, 2B, тиісті түрде термиялық өңделген, суық қалыпта құю кемінде 20%, термиялық өңдеу, қайта кристаллизацияланғандәнекерлеу жігімен, қақтан тазартылды.	Таза металл, жік көрінбейді десе болады

2-кестенің соңы

Таңбалау	Жеткізілім шарттарының типі [a]	Бетінің күйі
WCR	Ыстық немесе суық илемніңтілімшелерінен, жолақтарынан немесе табақтарынан дәнекерленген 1D, 2D, 2E, 2B, тиісті түрде термиялық өңделген, суық қалыпта құю кемінде 20%,ақшыл босаңдату, қайта кристаллизацияланған дәнекерлеу жігімен.	Жылтыр металл, жік көрінбейді десе болады
WG	Тегістеу[c]	Жылтыр металл-тегістеу, типі және тегістеу дәрежесі сұрау салу немесе тапсырыс кезінде келісіледі[d]
WP	Жылтырату[c]	Жылтырметалл-жылтырату, типі және жылтырату дәрежесі сұрау немесе немесе тапсырыс кезінде келісіледі[d]
[a]Жалпақ өнімнің таңбалануы EN 10028-7 сәйкес келеді. [b]Жылтыратылған жікпен ("ерітілген жік") тапсырыс берілген құбырлар үшін "b" әрпі шарттар типінің символына қосылады. (мәселен W2Ab). [c] W2, W2A, W2R, WCA немесе WCR шарттары әдетте бастапқы ретінде алынады. [d]Сұрау салуда немесе тапсырыста, ішкі немесе сыртқы, немесе ішкі және сыртқы тегістеу немесе жылтырату қажет пе, соны көрсету керек.		

8 Талаптар

8.1 Жалпы

7.2.3 тармағында көрсетілген шарттарда, және 9,10 және 11 тармақтарына сәйкес тексерілген жеткізу кезінде, құбырлардың осы стандарт талаптарына сәйкес келулері тиіс.

Сондай-ақ EN 10021 белгіленген, жеткізудің жалпы техникалық талаптары орындалуы тиіс.

8.2 Химиялық құрамы

8.2.1 Құйманы талдау

Болат өндіруші ұсынатын құйманы талдау, аустенитті болат үшін 3 -кестенің талаптарына және аустенит-ферритті болат үшін 4-кестенің талаптарына сәйкес келуі қажет.

Дәнекерлеу құбырлары EN 10217 осы бөлігіне сәйкес өндірілген кезде, болаттың дәнекерлеу кезіндегі және дәнекерлеуден кейінгі өзін көрсетуі болаттың өзіне ғана байланысты емес, сонымен қатар термиялық өңдеуге және дәнекерлеуді дайындау және өткізу шарттарына да байланысты болатындығын ескерген жөн.

8.2.2 Өнімді талдау

***6-опция**: Құбырларға арналған өнімнің талдауы ұсынылуы тиіс.*

5-кесте өнімді талдау нәтижелерінің 3 және 4-кестелерде келтірілген, құйманы талдау бойынша көрсетілген шектерден рұқсат етілген ауытқуларын анықтайды.

3 –кесте. Аустенитті болаттардың химиялық құрамы (құймалар талдауы)[a], % масс

Болат маркасы		C max	Si max	Mn max	P max	S max	N	Cr	Cu	Mo	Ni	Өзге
Атауы	Болат нөмірі											
X2CrNi18-9	1.4307	0.030	1.00	2.00	0.045[b]	0.015[b]	≤ 0.11	17.50 -19,50			8.00 -10.00	-
X2CrNi19-11	1.4306	0.030	1.00	2,00	0.045[b]	0.015[b]	≤0.11	18,00 -20,00			10,00-12,00	-
X2CrNiN18-10	1.4311	0,030	1.00	2,00	0.045[b]	0.015[b]	0.12-0.22	17.00 -19,50			8.50 -11.50	-
X5CrNi18-10	1.4301	0.07	1,00	2,00	0.045[b]	0.015[b]	≤0.11	17.00 -19,50			8,00 -10.50	-
X6CrNiTi18-10	1.4541	0.08	1.00	2.00	0.045[b]	0.015[b]	_	17.00 -19,00	_	-	9,00 -12.00	Ti 5xC 0.70 дейін
X6CrNiNb18-10	1.4550	0.08	1,00	2,00	0.045[b]	0.015[b]	_	17,00 -19.00	_	-	9.00 -12,00	Nb 10xC 1.00 дейін
X2CrNiMo17-12-2	1.4404	0.030	1.00	2,00	0.045[b]	0.015[b]	≤ 0.11	16.50 - 18.50		2,00 - 2,50	10.00 -13,00	-
X5CrNiMo17-12-2	1.4401	0,07	1.00	2.00	0.045[b]	0.015[b]	≤ 0.11	16.50 - 18,50	-	2.00 - 2.50	10.00 -13.00	-
X6CrNiMoTi17-12-2	1.4571	0,08	1.00	2,00	0.045[b]	0.015[b]		16.50 - 18,50	-	2,00 - 2.50	10,50 - 13,50	Ti 5xC 0.70 дейін
X2 CrNiMo17-12-3	1.4432	0.030	1,00	2,00	0.045[b]	0.015[b]	≤0.11	16.50 - 18.50	_	2.50 - 3.00	10,50 - 13.00	-
X2CrNiMoN17-13-3	1.4429	0.030	1,00	2,00	0,045[b]	0,015[b]	0.12 -0.22	16.50 - 18.50	_	2.50 - 3,00	11.00 -14.00	-
X3CrNiMo17-l3-3	1.4436	0.05	1.00	2.00	0.045[b]	0.015[b]	≤0,11	16.50 - 18.50	-	2.50 - 3,00	10,50 - 13,00	-
X2CrNiMo18-14-3	1.4435	0.030	1.00	2,00	0.045[b]	0.015[b]	≤0,11	17.00 -19.00	-	2.50 - 3,00	12.50 - 15.00	-
X2CrNiMoN17-13-5	1.4439	0.030	1,00	2,00	0.040[b]	0.015[b]	0,12 -0.22	16.50 - 18.50	-	4.00 - 5.00	12.50 - 14.50	-
X2CrNiMo18-15-4	1.4438	0.030	1.00	2.00	0.045[b]	0,015[b]	≤ 0.11	17,50 - 19.50	-	3.00 - 4.00	13,00 -16.00	-
X1NiCrMoCu31-27-4	1.4563	0,020	0,70	2.00	0.030	0.010	≤ 0,11	26.00 -28,00	0.70 - 1.50	3.00 - 4,00	30.00 -32.00	-

3--кестенің соңы

Болат маркасы		C max	Si max	Mn max	P max	S max	N	Cr	Cu	Mo	Ni	Өзге
Атауы	Болат нөмірі											
X1NiCrMoCu25-20-5	1.4539	0,020	0.70	2.00	0.030	0.010	≤ 0.15	19.00 -21.00	1,20 - 2,00	4,00 - 5,00	24.00 -26.00	-
X1CrNiMoCuN20-18-7	1.4547	0.020	0.70	1.00	0.030	0.010	0.18 to 0.25	19.50 -20,50	0.50 - 1.00	6.00-7.00	17.50 -18.50	-
X1NiCrMoCuN25-20-7	1.4529	0,020	0.50	1.00	0.030	0,010	0.15 to 0.25	19.00 -21.00	0.50 - 1,50	6.00 - 7,00	24.00 -26.00	-

[a]Осы кестеде тізіліп көрсетілмеген элементтердің, құйманың мәрелік өңдеуін есепке алмағанда, сатып алушының келісімінсіз болатқа әдейілеп қосылуы болмайды. Мұндай элементтердің сыныктардан және өндірісте пайдаланылатын басқа материалдардан түсуін болдырмас үшін барлық қауіпсіздік шаралары қабылдануы тиіс, себебі ол, болаттың механикалық қасиеттері мен жарамдылығын нашарлатуы мүмкін.

[b]Қоспалы металсыз дәнекерленген құбырлар үшін, күкірт пен фосфордың жиынтық құрамы 0,040 %-дан артық болмауы тиіс.

4—кесте. Аустенит-ферритті болаттардың химиялық құрамы (құймалар талдауы)[a], % масс

Болат маркасы		C max	Si max	Mn max	P[b] max	S[b] max	N	Cr	Cu	Mo	Ni	Өзге
Атауы	Болат нөмірі											
X2CrNiMoN22-5-3	1.4462	0.030	1.00	2.00	0.035	0.015	0.10 -0.22	21,00 -23.00	–	2.50 -3.50	4,50 -6.50	–
X2CrNiN23-4	1.4362	0.030	1.00	2.00	0,035	0,015	0.05 -0.20	22,00 -24.00	0,10 -0,60	0.10 -0.60	3.50 -5.50	–
X2CrNiMoN25-7-4	1 4410	0.030	1.00	2.00	0,035	0.015	0,20 -0.35	24.00 -26.00	–	3,00 -4.50	6,00 -8.00	–
X2CrNiMoCuWN25-7-4	1.4501	0.030	1.00	1,00	0.035	0,015	0.20 -0.30	24.00 -26.00	0,50 -1.00	3.00 -4.00	6,00 -8.00	W 0,50 -1.00

[a]Аталған-кестеде тізіліп көрсетілмеген элементтердің, құйманың мәрелік өңдеуін есепке алмағанда, сатып алушының келісімінсіз болатқа әдейілеп қосылуы болмайды. Мұндай элементтердің сыныктардан және өндірісте пайдаланылатын басқа материалдардан түсуін болдырмас үшін барлық қауіпсіздік шаралары қабылдануы тиіс, себебі ол, болаттың механикалық қасиеттері мен жарамдылығын нашарлатуы мүмкін.

[b]Қоспалы металсыз дәнекерленген құбырлар үшін, күкірт пен фосфордың жиынтық құрамы 0,040 %-дан артық болмауы тиіс.

5--кесте– Өнімді талдау деректерінің, 3 және 4--кестелердегі құймалар талдауы үшін көрсетілген шектерден рұқсат етілген ауытқулары

Элемент	3 және 4-кестелерге сәйкес құймалар талдауындағы шекті мәндер	Талдау деректерінің рұқсат етілген ауытқулары[a]
	% масс	% масс
Көміртегі	≤ 0.030	0.005
	> 0,030 ≤ 0,08	±0.01
Кремний	≤1.00	0.05
Марганец	≤1,00	0.03
	> 1,00 ≤ 2.00	0,04
Фосфор	≤ 0,030	0.003
	> 0,030 - ≤ 0.045	0.005
Күкірт	≤ 0.015	0,003
Азот	≤0.35	±0.01
Хром	> 16,50 ≤ 20,00	±0.20
	> 20,00 ≤ 28.00	±0,25
Мыс	≤ 1.00	±0.07
	> 1,00 ≤ 2.00	±0.10
Молибден	≤ 0,60	±0.03
	≥2.00 ≤7,00	±0,10
Ниобий	≤ 1,00	±0,05
	≤5,00	±0,07
Никель	> 5,00 ≤ 10.00	±0,10
	> 10,00 ≤20.00	±0,15
	> 20,00≤32.00	±0,20
Титан	≤0.70	±0.05
Қалайы	≤1,00	±0.05
[a]Егер кейбір талдаулар құймаларда жүргізілсе, және жеке элементтердің табылған құрамы құймаларды талдау үшін белгіленген химиялық құрамның рұқсат етілген шектерінен тыс жатса, максималды мәнді жоғарылатуға немесе минималды мәннен төменге түсіруге рұқсат етіледі, бірақ бір құймаға бір уақытта емес.		

8.3 Механикалық қасиеттері

8.3.1 Бөлме температурасы кезінде

Құбырлардың механикалық қасиеттері 6 және 7 -кестелердің және 11 тармақтың талаптарын қанағаттандыруы тиіс.

Егер термиялық өңдеу, құбырлар жеткізілгеннен кейін өткізілетін әдеттегі термиялық өңдеуден ерекшеленетін болса, немесе оған қатысты қосымша болып табылса, сатып алушы сұрау салу немесе тапсырыс кезінде, 6 және 7 -кестелерде көрсетілгеннен ерекшеленетін, немесе оған қатысты қосымша болып табылатын термиялық өңдеу алған үлгілердің қосымша механикалық сынауларын талап ете алады.

Сынақтарда анықталатын үлгілердің термиялық өңдеуі және механикалық қасиеттері, сұрау салу немесе тапсырыс кезінде сатып алушымен және дайындаушымен келісілуі тиіс.

***7-опция**: Өзгеше немесе қосымша термиялық өңделген үлгілердің қосымша механикалық сынаулары өткізілулері тиіс.*

***8-опция:** Соққыға сынау бөлме температурасында өткізілуі тиіс (6 және 7 - кестелерді қараңыз).Сынауларға арналған үлгінің жік жағынан немесе қарама-қарсы жағынан оқшауланууы сұрау салу немесе тапсырыс кезінде келісілуі тиіс.*

***9-опция:** (6-кестені, а түсіндірмесін қараңыз).*

8.3.2 Жоғары температура кезінде

Жоғары температура кезінде беріктіктің минималды шегінің мәндері $R_{p0,2}$ және $R_{p1,0}$ 8 және 9-кестелерде көрсетілген.

***10-опция:** (8-кестені, а түсіндірмесін қараңыз).*

***11-опция:** Беріктік шегі $R_{p0,2}$ және $R_{p1,0}$ тексерілуі тиіс. (аустенит-ферритті болаттар үшін 9 –кестеде тек $R_{p0,2}$ қолданылады) – сынаулар кезіндегі температура сұрау салу немесе тапсырыс кезінде келісілуі тиіс.*

8.3.3 Төменгі температура кезінде

Белгіленген төменгі температура кезіндегі соққы энергиясының шамасы 6 және 7 - кестелердің талаптарына жауап беруі тиіс.

***12-опция:** Төменгі температура кезінде соққыға сынауөткізілуі қажет. Сынауларға арналған үлгінің жік жағынан немесе қарама-қарсы жағынан оқшауланууы сұрау салу немесе тапсырыс кезінде келісілуі тиіс.*

6—кесте. Кристаллитаралық коррозия туралы мәлімет беру және жіберуге арналған ерітінді (+АТ) жағдайында қабырғаларының қалыңдығы 60 мм[a] дейін болатын аустенитті болаттар үшін механикалық қасиеттер

		Бөлме температурасында созу кезіндегі қасиеттер[b]					Соққы сипаттамасы[b]			Термиялық өңдеудің стандартты шарттары		Кристаллитаралық коррозияның кедергісі	
Болат маркасы		Беріктік шегі		Созылуға беріктік	Ұзарту		Минималды орташа сіңірілген энергия KV Дж						
		$R_{p0,2}$ min	$R_{p1,0}$ min	R_m[c]	A min (%)		Бөлме температурасында		-196 °C кезінде	Ерітінді температурасы[d]	Салқындату в[e]	f	EN ISO 3651-2 стандартындағы әдіс
Атауы	Болат нөмірі	МПа	МПа	МПа	l	t	l	t	t				
X2CrNi18-9	1.4307	180	215	470-670	40	35	100	60	60	1000-1100	w. a	иә	A
X2CrNi19-11	1.4306	180	215	460-680	40	35	100	60	60	1000-1100	w. a	иә	A
X2CrNiN18-10	1.4311	270	305	550-760	35	30	100	60	60	1000-1100	w. a	иә	A
X5CrNi18-10	1.4301	195	230	500-700	40	35	100	60	60	1000-1100	w. a	иә[g]	A
X6CrNiTi18-10	1.4541	200	235	500-730	35	30	100	60	60	1020-1120	w. a	иә	A
X6CrNiNb18-10	1.4550	205	240	510-740	35	30	100	60	60	1020-1120	w. a	иә	A
X2CrNiMo17-12-2	1.4404	190	225	490-690	40	30	100	60	60	1020-1120	w. a	иә	A
X5CrNiMo17-12-2	1.4401	205	240	510-710	40	30	100	60	60	1020-1120	w. a	иә[g]	A
X6CrNiMoTi17-12-2	1.4571	210	245	500-730	35	30	100	60	60	1020-1120	w. a	иә	A
X2CrNiMo17-12-3	1.4432	190	225	490-690	40	30	100	60	60	1020-1120	w.a	иә	A
X2CrNiMoN17-13-3	1.4429	295	330	580-800	35	30	100	60	60	1020-1120	w. a	иә	A
X3CrNiMo17-13-3	1.4436	205	240	510-710	40	30	100	60	60	1020-1120	w. a	иә[g]	A

6-кестенің соңы

		Бөлме температурасында созу кезіндегі қасиеттер[b]			Соққы сипаттамасы[b]					Термиялық өңдеудің стандартты шарттары		Кристаллитаралық коррозияның кедергісі	
Болат маркасы		Беріктік шегі		Созылуға беріктік	Ұзарту		Минималды орташа сіңірілген энергия KV Дж						
		$R_{p0,2}$ min	$R_{p1,0}$ min	R_m[c]	A min (%)		Бөлме температурсында		-196 °C кезінде	Ерітінді температурасы[d]	Салқындату в[e]	f	EN ISO 3S51-2 стандартындағы әдіс
Атауы	Болат нөмірі	МПа	МПа	МПа	l	t	l	t	t				
X2CrNMo18-14-3	1.4435	190	225	490-690	40	30	100	60	60	1020-1120	w. a	иә	A
X2CrNiMoN17-13-5	1.4439	285	315	580-800	35	30	100	60	60	1100-1140	w. a	иә	C
X2CrNiMo18-15-4	1.4436	220	250	490-690	35	30	100	60	60	1100-1160	w. a	иә	C
X1CrMoCu31-27-4	1.4563	215	245	500-750	40	35	120	90	60	1100-1160	w, a	Иә	C
X1NiCrMoCu25-20-5	1.4539	220	250	520-720	35	30	120	90	60	1100-1150	w, a	Иә	C
X1CrNiMoCuN20-18-7	1.4547	300	340	650-850	35	30	100	60	60	1180-1230	w, a	Иә	C
X1NiCrMoCuN25-20-7	1.4529	300	340	600-800	40	40	120	90	60	1120-1180	w. a	иә	C

[a]Қалыңдығы 60 мм-ден асатын қабырғалар үшін механикалық қасиеттер сұрау салу немесе тапсырыс кезінде келісім объектісі болып табылады. ***9-опция***. *Қалыңдығы 60 мм-ден асатын қабырғалар үшін механикалық қасиеттерді анықтау келісімі.*

[b] I = бойлық; t - көлденең.

[c]Жіберуге арналған ерітінді кірмейтін, W0, W1 және W2 жеткізілім шарттары үшін, R_m жоғарғы шегі 70 Мпа-дан артық болуы мүмкін.

[d] Максималды температура тек баспылық үшін ғана келтірілген

[e]w = су; a = ауа; салқындату айтарлықтай тез

[f]ENISO 3651-2 сәйкес (Сәйкес әдіс, A, B немесе C, көрсетілгенге сәйкес) 8 -кестенің соңғы бағанында көрсетілген шекті температураға дейін сынаулар кезінде.

[g] Жеткізілім шарттарында (әдетте активтену жағдайларында орындалмайды)

7—кесте. Кристаллитаралық коррозия туралы мәлімет беру және жіберуге арналған ерітінді (+АТ) жағдайында қабырғаларының қалыңдығы 30 мм дейін болатын аустенитті болаттар үшін механикалық қасиеттер

		Бөлме температурасында созу кезіндегі қасиеттер [a]				Соққы сипаттамасы[a]			Термиялық өңдеудің стандартты шарттары		Кристаллитаралық коррозияның кедергісі	
Болат маркасы		Беріктік шегі	Созылуға беріктік	Ұзарту		Минималды орташа сіңірілген энергия KV Дж						
		$R_{p0,2}$ min	R_m	A min (%)		Бөлме температурсында		-40 °C кезінде	Ерітінді температурасы[d]	Салқындатув[c]	d	EN ISO 3651-2 стандартындағы әдіс
Атауы	Болат нөмірі	МПа	МПа	I	t	l	t	t				
X2CrNiMoN22-5-3	1.4462	450	700-920	25	20	120	90	40	1020-1100	w. a	Иә	B
X2CrNiN23-4	1.4362	400	600-820	25	25	120	90	40	950-1050	w. a	Иә	A
X2CrNiMoN25-7-4	1.4410	550	800-1000	20	20	100	100	40	1040-1120	w	Иә	B немесеC
X2CrNiMoCuWN 25-7-4	1.4501	550	800-1000	20	20	100	100	10	1080-1160	w	иә	B немесеC

[a] I = бойлық; t - көлденең

[b] Максималды температура тек басшылық үшін ғана келтірілген

[c] w = су; a = ауа; салқындату айтарлықтай тез

[d] ENISO 3651-2 сәйкес 250 °C дейін сынау кезінде (Сәйкес әдіс, A, B немесе C, көрсетілгенге сәйкес)

8 –кесте. Кристаллитаралық коррозияны сынау кезінде жіберуге арналған ерітінді (+АТ) және шекті температураға арналған ұсыныстар жағдайында, қабырғаларының қалыңдығы 60 мм[a] дейін болатын аустенитті болаттар үшін жоғары температура кезіндегі беріктіктің минималды шегі $R_{p0,2}$және$R_{p1,0}$.

Болат маркасы		$R_{p0,2}$ minМПа температура кезінде (°С)											$R_{p1,0}$ minМПа температурада (°С)											Шекті темп.[b]
Атауы	Болат нөмірі	50	100	150	200	250	300	350	400	450	500	550	50	100	150	200	250	300	350	400	450	500	550	°С
X2CrNi18-9	1.4307	165	147	132	118	108	100	94	89	85	81	80	200	181	162	147	137	127	121	116	112	109	108	350
X2CrNi19-11	1.4306	165	147	132	118	108	100	94	89	85	81	80	200	181	162	147	137	127	121	116	112	109	108	350
X2CrNiN18-10	1.4311	255	205	175	157	145	136	130	125	121	119	118	282	240	210	187	175	167	161	156	152	149	147	400
X5CrNi18-10	1.4301	180	157	142	127	118	110	104	98	95	92	90	218	191	172	157	145	135	129	125	122	120	120	300
X6CrNiTi 18-10	1.4541	190	176	167	157	147	136	130	125	121	119	118	222	208	196	186	177	167	161	156	152	149	147	400
XGCrNiNb18-10	1.4550	195	177	167	157	147	136	130	125	121	119	118	232	211	196	186	177	167	161	156	152	149	147	400
X2CrNiMo17-12-2	1.4404	182	166	152	137	127	118	113	108	103	100	98	217	199	181	167	157	145	139	135	130	128	127	400
X5CrNiMo17-12-2	1.4401	193	177	162	147	137	127	120	115	112	110	108	230	211	191	177	167	156	150	144	141	139	137	300
X6CrNiMoTi17-l2-2	1.4575	202	185	177	167	157	145	140	135	131	129	127	232	218	206	196	186	175	169	164	160	158	157	400
X2 CrNiMo17-12-3	1.4432	182	166	152	137	127	118	113	108	103	100	98	217	199	181	167	157	145	139	135	130	128	127	400
X2CrNiMoN17-13-3	1 4429	260	211	185	167	155	145	140	135	131	129	127	290	246	218	198	183	175	169	164	160	158	157	400
X3CrNiMo17-13-3	1.4436	195	177	162	147	137	127	120	115	112	110	108	228	211	191	177	167	156	150	144	141	139	137	300
X2CrNiMo18-14-3	1.4435	180	165	150	137	127	119	113	108	103	100	96	217	200	180	165	153	145	139	135	130	128	127	400
X2CrNiMoN17-13-5	1.4439	260	225	200	185	175	165	155	150	-	-	-	290	255	230	210	200	190	180	175	-	-	-	400
X2CrNiMo18-15-4	1.4438	200	172	157	147	137	127	120	115	112		108	232	206	188	177	167	156	148	144	140	138	136	400
X1NiCrMoCu31-27-24	1.4563	210	190	175	1G0	155	150	145	135	125	120	115	240	220	205	190	185	180	175	165	155	150	145	400
X1NiCrMoCu25-20-5	1.4539	216	205	190	175	160	145	135	125	115	110	105	244	235	220	205	190	175	165	155	145	140	135	400
X1CrNiMoCuN20-16-7	1.4547	267	230	205	190	180	170	165	160	153	148	-	306	270	245	225	212	200	195	190	184	180	-	400
X1NiCrMoCuN25-20-7	1.4529	270	230	210	190	180	170	165	160	130	120	105	310	270	245	225	215	205	195	190	160	150	135	400

[a]Қалыңдығы 60 мм-ден асатын қабырғалар үшін беріктік шегін анықтау сұрау салу немесе тапсырыс кезінде келісім объектісі болып табылады. ***10 Опция***. *Қалыңдығы 60 мм-ден асатын қабырғалар үшін жоғары температура кезінде беріктік шегін анықтау келісімі.*

[b]Осы температураға дейін 100 000 сағ дейін ұстаған кезде материал кристаллитаралық жемірілуін сезгіштік жағынан өзгерістерге ұшырамауы тиіс, сынаулар EN ISO 3651-2 сәйкес өткізілуі тиіс. Сондай-ақ 6 -кестені қараңыз.

9-кесте. Кристаллитаралық коррозияны сынау кезінде жіберуге арналған ерітінді (+АТ) және шекті температураға арналған ұсыныстар жағдайында, қабырғаларының қалыңдығы 30 мм дейін болатын аустенит-ферритті болаттар үшін жоғары температура кезіндегі беріктіктің минималды шегі $R_{p0,2}$

Болат маркасы		$R_{p0,2}$minМПа Температура °С				
Атауы	Болат нөмірі	50	100	150	200	250[a]
X2CrNiMoN22-5-3	1.4462	415	360	335	310	295
X2CrNiN23-4	1.4362	370	330	300	280	265
X2CrNiMoN25-7-4	1.4410	502	450	420	400	380
X2CrNiMoCuWN25-7-4	1.4501	502	450	420	400	380
[a]Осы температураға дейін 100 000 сағ дейін ұстаған кезде материал кристаллитаралық жемірілуін сезгіштік жағынан өзгерістерге ұшырамауы тиіс, сынаулар EN ISO 3651-2 сәйкес өткізілуі тиіс. Сондай-ақ 7 -кестені қараңыз.						

8.4 Жемірілу беріктігі

6 және 7-кестелерде келтірілген деректер, сынаулар көрсетілген А, В немесе С әдісі бойынша ENISO 3651-2 сәйкес жүргізілетін, болаттардың кристаллитаралық жемірілуін беріктігіне қатысты.

Кристаллитаралық жемірілуін сезгіштікті зерттеу кезіндегі шекті температураға арналған ұсынылатын мәндер 8 және 9 -кестелерде көрсетілген.

13-опция: *Кристаллитаралық жемірілу беріктігінің сынаулары жүргізілуі тиіс.*

Арнайы коррозиялық сынаулардың қажеттілігі жағдайында өтінім немесе тапсырыс кезінде келісу талап етіледі.

8.5 Сыртқы түрі және ішкі беріктігі

8.5.1 Сыртқы түрі

8.5.1.1Құбырлар ішкі және сыртқы беттік кедір-бұдырлылықсыз болулары тиіс, ол көзбен шолып қараумен анықталады.

8.5.1.2 Құбырлардың ішкі және сыртқы беттерін өңдеу өндіріс процесі үшін қалыпты болуы тиіс, қажет болған жағдайда термиялық өңдеу қолданылады. Беттерді өңдеу және олардың күйі, тегістеуді талап ететін беттің кез-келген кедір-бұдырлығы айқындалатындай болуы тиіс.

8.5.1.3 Беттік кедір-бұдырлылықтар ажарлау немесе станокта өңдеу арқылы тегістеу үшін қолжетімді болулары тиіс, одан кейін өңделетін учаскедегі қабырғалардың қалыңдығы белгіленген минималды қалыңдықтан төмен болмауы тиіс. Барлық тегістелген беттер құбыр профилімен тегістеліп ұштастырылуы қажет.

8.5.1.4 Қабырғалар қалыңдығының белгіленген минималды мәнін бұзатын беттік кедір-бұдырлылықтар ақаулар ретінде қарастырылуы қажет, және осы ақаулары бар құбырлар осы стандартқа сәйкес емес деп есептелінеді.

8.5.1.5 Жікті жөндеуге тек сатып алушының келісімі бойынша ғана рұқсат етіледі. Барлық жөндеу рәсімдері термиялық өңдеу алдында жүргізілуі тиіс, және барлық жөнделген учаскелерге 11.11 сәйкес бұзылмайтын бақылау өткізілуі қажет.

14-опция: *Жікті жөндеуге сатып алушының келісімі бойынша рұқсат етіледі.*

Диаметрі 168,3 мм-ден асатын немесе соған тең болатын, қоспалы металды пайдаланып немесе пайдаланбай дәнекерленген құбырлар үшін, жікті жөндеу үйлесімді

қоспалы металды қосу арқылы орындалуы мүмкін. Жөнделетін учаске жіктің ұзындығынан 20%-дан артық болмауы тиіс. Жіктің жөнделуі ерекшелікте сипатталған рәсімге сәйкес жүргізілуі тиіс (WPS).

8.5.2 Ішкі беріктігі

8.5.2.1 Жалпы

Жіктің тұсында жарылулар болмауы тиіс, ерітулер мен пісірулер болмауы қажет.

8.5.2.2 Герметикалық

Құбырлар герметикалыққа гидростатикалық сыналуы (11.8.1), немесе құйынды токпен сыналуы (11.8.2) тиіс. Егер опция 15 таңдалмаса, сынау әдісін таңдау дайындаушының қарауында болады.

***15-опция**: 11.8.1 немесе 11.8.2 сәйкес герметикалыққа сынау әдісін сатып алушы анықтайды.*

8.5.2.3 Бұзылмайтын сынау

Дәнекерленген жік бүкіл ұзындығы бойынша 11.11.1 сәйкес ақаулардың болуына бұзылмайтын сынаудан өтуі тиіс.

***16-опция**: 2 сынау санатының құбырлары, 11.11.2 сәйкес, құбырлардың шеттерінде ламинарлық ақаулардың болуына бұзылмайтын сынаудан өтулері тиіс.*

***17-опция**: 2 сынау санатының құбырларын өндіру үшін пайдаланылатын жолақтардың немесе тілімшелердің шеттері, 11.11.3 сәйкес, ламинарлық ақаулардың болуына бұзылмайтын сынаудан өтулері тиіс.*

Бұзылмайтын бақылау бойынша барлық іс-шараларды, жұмыс берушіден жұмыстарды өткізуге рұқсат алған, 1, 2 және / немесе 3 разрядтағы білікті және құзыретті персонал өткізеді.

Жұмыскерлер ISO 11484 немесе эквиваленті бойынша білікті болулары қажет.

3 разрядтағы жұмыскерлердің EN ISO 9712 немесе эквиваленті бойынша сертификатталған болулары ұсынылады.

Жұмыстар жүргізуге рұқсатты жұмыс беруші жазбаша түрде беруі қажет.

Бұзылмайтын бақылау бойынша барлық іс-шараларды өткізуге 3 разрядтағы жұмыскер және жұмыс беруші рұқсат беруі қажет.

Ескертпе - 1,2 және 3 разрядтардың анықтамалары тиісті стандарттарда, мәселен EN ISO 9712 және ISO 11484 стандарттарында сипатталған.

Құбырларда III және IV санаттардың қысыммен жұмыс істейтін жабдықтары пайдаланылса, персоналды мүше-мемлекетпен мойындалған сырттағы ұйым бекітуі тиіс.[1]

8.6 Түзу сызықтылық


Ұзындығы L болатын кез-келген құбырдың түзу сызықтылықтан ауытқуы 0,0015L шамасынан артық болмауы тиіс. Ұзындықтың әр метрінде түзу сызықтылықтан ауытқу 3 мм-ден аспауы тиіс.

8.7 Шеттерді дайындау

Құбырлар шеттері тік кесіліп жеткізіледі. Шеттері қылаулардан бос болуы қажет.

***18-опция**: Қабырғаларының қалыңдығы ≥ 3,2 мм болатын құбырлар шеттері қисайған болып жеткізіледі (1-суретті қараңыз). Қисаюдың, келісім бойынша қисаюдың*

балама бұрышы орнатылатын, қалыңдығы 20 мм болатын қабырғаларды есепке алмағанда, мұқалған жиегі С (1,6±0,8) мм, бұрышы α = (30±5)°С болуы мүмкін.



Мұндағы
D– сыртқы диаметр;
а– қисаю;
С мұқалғанжиек.

1-сурет. Құбыр шетінің қисаюы

8.8 Өлшемдер, массаларжәне рұқсаттық шектер

8.8.1 Сыртқы диаметр және қабырғалардың қалыңдығы

Құбырларғасыртқы диаметр D мен қабырғалардың қалыңдығы T бойынша тапсырыс беріледі. Сыртқы диаметр D мен қабырғалар қалыңдығының T қолайлы шамалары EN ISO 1127 стандартында берілген.

8.8.2 Масса

Ұзындық бірлігіне кететін массаны есептеу үшін EN 10088-1 келтірілген тығыздық мәні пайдаланылады.

8.8.3 Ұзындық

Егер 19-опция таңдалмаса, құбырлар еркін ұзындықта жеткізіледі. Ұзындықтар диапазоны сұрау салу немесе тапсырыс беру кезінде келісілуі тиіс.

***19-опция**: Құбырлар сұрау салуда немесе тапсырыста көрсетілетін дәл ұзындықта жеткізіледі. Ұзындық бойынша рұқсаттық шектер 8.8.4.4 сәйкес келулері тиіс.*

8.8.4 Рұқсаттық шектер

8.8.4.1 Сыртқы диаметр мен қабырғалардың қалыңдығы бойынша рұқсаттық шектер.

Құбырлар қабырғаларының диаметрі мен қалыңдығы 10-кестеде келтірілген рұқсаттық шектер бойынша рұқсат етілген шектер шегінде болуы тиіс. Рұқсаттық шектер EN ISO 1127 сәйкес жіктеледі.

10-кесте. Сыртқы диаметр мен қабырғалардың қалыңдығы бойынша рұқсаттық шектер

Сыртқы диаметр D мм	Сыртқы диаметрге рұқсаттық шек, D		Қабырғалар қалыңдығына рұқсаттық шек T	
	Рұқсаттық класы	Рұқсат етілген ауытқу	Рұқсаттық класы	Рұқсат етілген ауытқу
$D \leq 168.3$	D3	± 0,75 % немесе ± 0,3 мм (үлкен мән)	T3	±10% немесе ±0,2 мм (үлкен мән)
	D4[a]	±0,5% немесе±0,1 мм (үлкен мән)		
D>168,3	D2	± 1.0%		

[a]***20-опция***: *Рұқсаттық класы D4 көрсетіледі.*

8.8.4.2 Дәнекерленген жіктің биіктігі

Сыртқы және ішкі дәнекерленген жіктердің биіктігі 11 -кестеде көрсетілген шектерде болуы тиіс.

11 -кесте–Дәнекерленген жіктің максималды биіктігі

Өлшемдері миллиметрмен берілген

Режим (1-кестеге сәйкес)	Жіктің күйі	Дәнекерленген жіктің максималды биіктігі	
		T≤8	T>8
01 және 04	Дәнекерлеуден кейін	0,10 T +0,5	T/6
02 және 05	Дәнекерлеу, сыртқы тегістеу D ≤ 114.3 үшін	0.06 T + 0,3	-
	Дәнекерлеу, сыртқы тегістеу D>114.3 үшін	0,05 T + 0,5	T/10
03 және 05	Дәнекерлеу, ерітілген жік	0,15	-

8.8.4.3 Жіктегі тілімшелердің немесе жолақтардың шеттерінің радиальды жылжуы

Тілімшелердің немесе жолақтардың іргелес шеттерінің радиальды жылжуы, қабырғалардың берілген қалыңдығынан 10% шегінде болуы тиіс.

8.8.4.4 Ұзындық бойынша рұқсаттық шектер

Дәл ұзындық бойынша рұқсаттық шектер 12-кестеде келтірілген.

12-кесте. Ұзындық бойынша рұқсаттық шектер

Ұзындық L (мм)	Дәл ұзындық бойынша рұқсаттық шектер(мм)
L≤6000	+ 5 0
6000 <L≤12 000	+ 10 0
L>12 000	+ келісім бойынша 0

8.8.4.5 Сопақтық

Сопақтық (θ) келесі теңдеу бойынша есептелуі мүмкін:

$$\theta = \frac{D_{max} - D_{min}}{D} \times 100, \quad (1)$$

Мұндағы θ= сопақтық, %;

D_{max}, D_{min} = бір жазықтықта өлшенген максималды және минималды сыртқы диаметрлер, мм;

D= белгіленген сыртқы диаметр, мм.

Сыртқы диаметрі D≤ 406,4 мм болатын құбырлар үшін, сопақтық, диаметр бойынша рұқсаттық шектің шегіне кіргізілуі тиіс.

Сыртқы диаметрі D > 406,4 мм болатын және D/T ≤ 100 болатын құбырлар үшін, сопақтық 2%-дан аспауы тиіс.

D/T > 100 арақатынасындағы құбырлар үшін сопақтықтың мәні сұрау салу немесе тапсырыс кезінде келісілуі тиіс.

9 Сәйкестікті бағалау

9.1 Сапа туралы құжаттардың типтері

Құбырлар үшін тапсырыс талаптарына сәйкестік осы стандартқа сәйкес, сәйкестікті бағалаумен куәландырылуы тиіс.

Егер EN 10204 бойынша «2.1 типтегі» тапсырыс талаптарына сәйкестік декларациясы берілген болса, тапсырысты растаған кезде материалды дайындаушы, оның құзыретті ұйыммен сертификатталған, сапаға кепіл беру жүйесіне сәйкес жұмыс істегендігін, және оның дәнекерлеу жұмыстары бойынша аттестаттауды, дәнекерлеу аппараттары операторларының және бұзылмайтын сынаулардың аттестатталуын қоса алғанда, дәнекерлеу құбырларының өндірісі кезінде пайдаланылатын процестер мен материалдар бойынша арнайы аттестаттаудан өткендігін көрсетуі тиіс.[1]

9.2 Қабылдау кезіндегі бақылау құжаттары

9.2.1 Қабылдау кезіндегі бақылау құжаттарының типтері

Егер 21-опция таңдалмаса, EN 10204 бойынша «2.1 типтегі» тапсырыстың талаптарына сәйкестік декларациясы пайдаланылады.

***21-опция**: EN 10204 бойынша «2.2 типтегі» сынау хаттамаларының бірі жарияланууы мүмкін.*

